

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ» АЙМАҚТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «РЕГИОНАЛЬНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
«ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080011, Тараз қаласы, Қ.Көшекөв көшесі, 50
тел.: 8 707 234 37 91
E-mail: zhambyl@daryn.kz

080011, город Тараз, улица К.Кошекова, 50
тел.: 8 707 234 37 91
E-mail: zhambyl@daryn.kz

№ 649
20.11.2025 жыл.

Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім басқармасына
қарасты мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны»
аймақтық ғылыми-практикалық орталығы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің
«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының
17.11.2025 жылғы №1589/15-11-06 хатын назарға алу үшін жолдайды.

Қосымша: 10 парақ

Директор



М.Есеналиева

Орындаған: Ә.Тұнгат
Тел: 87479880094

000649

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі даналар жасалды. Белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПKE АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВУЕТ. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.



Z05K5K8, Астана қаласы,
Мәңгілік Ел даңғылы 8, 13 қабат
Тел./Факс: +7 (7172) 57-65-56
e-mail: info@daryn.kz

Z05K5K8, г. Астана,
проспект Мангилик Ел 8, 13 этаж
Тел./Факс: +7 (7172) 57-65-56
e-mail: info@daryn.kz

17. 11. 2025. № 1589/15-11-06

Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент
қалаларының білім басқармаларына

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ға

Республикалық білім беру ұйымдарына

Аймақтық «Дарын» ғылыми-практикалық орталықтарына

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – "Дарын" РҒПО) 2026 жылғы 1 – 2 наурыз аралығында Астана қаласында «Білім инновация» Халықаралық қоғамдық қоры мен Қор және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Меморандумы негізінде бірігіп ұйымдастыруымен «Ана тілі» республикалық интеллектуалды қазақ тілі олимпиадасын (бұдан әрі – олимпиада) қорытынды республикалық кезеңін өткізетінің хабарлайды.

Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

- **Іріктеу кезеңі** – 2025 жылғы 13 желтоқсанда офлайн тест форматында өткізіледі;
- **Республикалық кезең** – 2026 жылғы 1-2 наурыз күндері Астана қаласында өтеді.

Олимпиаданың ресми сайты - www.ana.til.kz. Тіркелу осы сайтта жүргізіледі.

«Ана тілі» олимпиадасының іріктеу кезеңіне онлайн тіркелу 2025 жылғы 17-27 қараша аралығында өтеді, ал қатысушылар 13 желтоқсан күні өз өңірлерінде офлайн іріктеуге қатысады.

Олимпиаданың Ережесі қосымшада беріледі.

Олимпиада туралы сұрақтар бойынша: +77479793796 (Қ.Тілеуқабылов) ұялы телефон номеріне хабарласуға болады

Директор

Ғ. Тұрсынов

Орындаған: С.Едіге
Тел.: +7 (7172) 57-65-63

001831

**Областным управлениям образования,
городов Астаны, Алматы и Шымкент**

АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

Республиканским организациям образования

**Региональным научно-практическим центрам
по работе с одаренными детьми**

Республиканский научно-практический центр «Дарын» Министерства просвещения Республики Казахстан (далее – РНПЦ «Дарын») сообщает, что **1–2 марта 2026 года** в городе Астана состоится заключительный республиканский этап Республиканской интеллектуальной олимпиады по казахскому языку «Ана тілі» (далее – олимпиада), организуемый совместно с Международным общественным фондом «Білім-инновация», Фондом и Международным обществом «Қазақ тілі» на основании Меморандума.

Олимпиада состоит из двух этапов:

- **Отборочный этап** – проводится **13 декабря 2025** года в офлайн-формате (тестирование);
- **Республиканский этап** – пройдет **1–2 марта 2026** года в городе Астана.

Официальный сайт олимпиады – www.ana.til.kz. Регистрация осуществляется на данном сайте.

Онлайн-регистрация на отборочный этап олимпиады «Ана тілі» пройдет с 17 по 27 ноября 2025 года, а 13 декабря участники примут участие в офлайн-отборе в своих регионах.

Положение об олимпиаде прилагается.

По вопросам, связанным с олимпиадой, можно обращаться по номеру телефона: +7 747 979 37 96 (К. Тілеуқабылов).

Директор



Г. Турсунов

Исполнил: С.Едіге

Тел.: +7 (7172) 57-65-63



“Ана тілі” республикалық зияткерлік қазақ тілі олимпиадасын ұйымдастыру мен өткізу ережелері

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы бойынша өткізілетін «Ана тілі» зияткерлік қазақ тілі олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.
2. «Ана тілі» олимпиадасы – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) мен «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) ұйымдастыруымен өткізілетін зияткерлік олимпиада.
3. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері:
 - 1) Қазақ тілін жастар арасында кеңінен дәріптеп, оны ғылым мен білімнің озық тіліне айналдыруға мүмкіндік туғызу.
 - 2) Оқушылардың ауызша сөйлеу шеберлігін жетілдіру, ойларын еркін әрі сауатты жеткізе білуге бағыттау.
 - 3) Оқушылардың жазбаша тіл шеберлігін дамытып, ойларын өзінің көзқарасымен сауатты, нақты және тиімді түрде жеткізе білуге жағдай жасау.
 - 4) Тыңдалған ақпаратты дұрыс түсініп, негізгі ойды саралап және оны өз ойымен ұштастыра отырып жазу шеберлігін дамыту.

II. Зияткерлік олимпиаданың қатысушылары

4. “Ана тілі” республикалық зияткерлік қазақ тілі олимпиадасына 9-11 сынып оқушылары қатыса алады.
5. Олимпиада қазақ тілінде өтеді, қатысушыларға ұлтына, оқу тобына (қазақ немесе басқа), жынысына байланысты талап қойылмайды.
6. Оқушылар іріктеу кезеңіне және республикалық кезеңге топ болып қатысады.
7. Республикалық кезеңге іріктеу кезеңнен өткен топтар шақырылады.
8. Олимпиаданың іріктеу кезеңіне тіркелетін топ санына шектеу қойылады.
9. Республикалық кезеңге іріктеуден 64 топ өтеді.
10. Әр топтың қазақи нақыштағы атауы болуы қажет.
11. Әр топта 3 қатысушыдан болады.

III. Ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасы

12. Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу бойынша істі жүзеге асыру үшін Қоғам және Қор бірлесіп, Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамын бекітеді.
13. Республикалық ұйымдастыру комитеті олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізудің жалпы тәртібін анықтайды және оны өткізуге тікелей басшылық жасайды.
14. Олимпиада қазылар алқасының құрамы тақ саннан құралады.

15. Қазылар алқасының міндеттері:
- 1) қатысушылардың жұмысын тексеру, қорытындысын шығару;
 - 2) қатысушылардың жұмысын бағалаудағы даулы мәселелерді талқылау және қажетті түзетулер енгізу;
 - 3) жеңімпаздарды анықтау және жүлделі орындарды бөлу;
 - 4) Қоғам және Қордың кеңесшілеріне олимпиаданың өту барысы және қорытындысы бойынша жеке есеп беру.
16. Жетекші мұғалімдер қазылар алқасының құрамына кірмейді.

IV. Зияткерлік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

17. Олимпиада екі кезеңнен тұрады:
- 1) Іріктеу кезеңі – **2025 жылдың 13 желтоқсан** күні офлайн тест форматында өтеді;
 - 2) Республикалық кезең – **2026 жылдың 1-2 наурыз** күндері Астана қаласында өтеді.
 - 3) Олимпиаданың негізгі сайты www.ana.til.kz. Тіркелу кезеңі осы сайтта өтеді.
 - 4) Олимпиаданың ресми телеграм каналы <https://t.me/anatiliolymp>. Іріктеу кезеңіне байланысты ақпарат осы арнада жарияланады.
18. Олимпиаданың республикалық кезеңі үш турдан тұрады:
- 1) «**Пікірсайыс**» (белгілі тақырып көлемінде арнайы ережелермен шектелетін сөз жарыстыру, білім таластыру сайысы);
 - 2) «**Тілшілер сайысы**» (қатысушылардың сөздік қоры, тіл білімі мен ойлау дағдысын бағалауға бағытталған тапсырмалар жиынтығы) үш бағыттан тұрады:
 - 2.1. «Эссе»** (қатысушыларға берілген үш кітап мазмұнынан алынған тақырыптар бойынша креативті эссе жазу сайысы);
 - 2.2. «Мазмұндама»** (ұсынылған аудиомәтінді тыңдап, идеясына сүйене отыра мазмұндама жазу сайысы);
 - 2.3. «Тіл білімі»** (берілген материалдарға тілдік талдау жасауға бағытталған тапсырмалар жиынтығы).
 - 3) «**Білімпаздар**» (ғылым-білім тақырыбындағы сұрақтардан құрастырылған викторина).
19. Олимпиаданың Республикалық кезеңі Қоғам мен Қордың бекіткен орнында өтеді.
20. Бір топ үш кезеңге толық қатысады.
21. Қатысушылар алдын-ала дайындалған материалдарды оқып, берілген тапсырмаларға дайындықпен келеді.
22. Бір мұғалім бір топқа ғана жетекшілік жасай алады және бір топты ғана тіркей алады.
23. Олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысатын оқушыларды байқау өтетін қалаға жеткізу және қатыстыру жетекшілерге және жіберуші тарапқа жүктеледі.
24. Олимпиаданың тапсырмалары ұйымдастыру комитеті тарапынан дайындалады.
25. Олимпиадаға тіркеуден өткен және республикалық кезеңге өткен қатысушылар тізімін ұйымдастыру комитеті электронды түрде дайындайды.

26. Қатысушылар олимпиаданың республикалық кезеңі өтетін қалаға келу мерзімін олимпиаданың ашылуынан бұрын, ал қайту мерзімін олимпиаданың жабылуынан кейінгі уақыттарға жоспарлауы қажет.
27. Қатысушылар олимпиаданың республикалық кезеңі өтетін қаланың ауа райына сай дайындықпен (киім, қажетті заттары және т.б.) келуі қажет.
28. Олимпиадаға келген топтар өз жоспарларын жергілікті ұйымдастыру комитетінің бағдарламалары мен жоспарларына сай құруы тиіс.

V. Қаржыландыру

29. Олимпиаданы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қаржыландырады.
30. Олимпиада қатысушылары мен жетекшілерінің жол шығындары жіберуші білім мекемелерінің немесе қатысушылардың жеке қаражат есебінен жүзеге асырылады.
31. Олимпиада қатысушылары облыстық команда құрамында келе алады. Команданы жетекші бастап келеді.
32. Команда жетекшілерін жіберуші тарап тағайындайды.
33. Республикалық кезеңге келген қатысушылар мен ресми бекітілген жетекшілерді жатын орынмен және тамақпен қамтамасыз ету шаралары Қоғам және Қор тарапынан ұйымдастырылады.
34. Олимпиада қатысушылары мен ресми бекітілген жетекшілерінен басқа адамдар жатын орынмен және тамақпен қамтамасыз етілмейді.

VI. Олимпиаданы әр кезең бойынша өткізу және бағалау шарттары

ІРІКТЕУ кезеңі

35. “Ана тілі” республикалық зияткерлік қазақ тілі олимпиадасының іріктеу кезеңіне тіркелу 2025 жылдың 17 қараша күні сағат 10:00-ден бастап 27 қараша күні сағат 16:00-ге дейін онлайн түрде жүргізіледі.
36. Онлайн тіркеуден өткен қатысушылар 2025 жылдың 13 желтоқсан күні 11:00-12:00 арасы өз облысында немесе қаласында арнайы белгіленген жерде (қосымша) олимпиаданың офлайн іріктеу кезеңіне қатысады.
37. “Ана тілі” республикалық зияткерлік қазақ тілі олимпиадасының іріктеу кезеңіне 9,10,11-сынып оқушылары қатыса алады.
38. Іріктеу кезеңіне әр облыс немесе қала бойынша алғашқы тіркелген 80 топ қатысады. Үздік үш топ республикалық кезеңге шақырылады.
39. Оқушыларды іріктеу кезеңіне тек қана жетекші тіркейді.
40. Бір жетекші бір топты, яғни 3 оқушыны ғана тіркей алады.
41. Бір оқушы бір ғана топтың атынан ғана қатыса алады.
42. Қатысушы сынаққа кірер алдында өз төлқұжатын немесе басқа да жеке куәлігін көрсету арқылы жеке басын растайды.
43. Іріктеу кезеңі 40 сұрақтан құралған тест форматында өтеді. Тестті тапсыруға 60 минут беріледі.
44. Сұрақтар грамматика, әдебиет, өнер және жаратылыстану (физика, химия, биология, математика, информатика) бағыттарын қамтиды.
45. Емтихан қорытындысы, республикалық кезеңге өткен топтар және оқушылар тізімі олимпиаданың сайтында жарияланады.
46. Іріктеу кезеңінің сынағы өз облысында немесе қаласында арнайы белгіленген жерде (қосымшада) өтеді. Іріктеу кезеңі барлық ереже, шарттарға сай өтуін ұйымдастыру сынақ өтетін мекемеге жүктеледі.

47. Іріктеу кезеңінде ереже бұзушылықтар байқалған жағдайда, қатысушының сынақ қорытындыларын қабылдамауы олимпиада комиссиясы толықтай құқылы.
48. Әрбір ереже бұзушылыққа арнайы, болған жағдайды баяндайтын жазбаша акт жасалады.
49. Іріктеу кезеңінде әр орталықта арнайы сынақ комиссиясы құрылады. Әр аудиторияда сынақты бақылайтын арнайы проктор бекітіледі.
50. “Ана тілі” республикалық зияткерлік қазақ тілі олимпиадасының іріктеу кезеңінде апелляция қарастырылмаған.
51. Іріктеу кезеңіне тіркелу және қорытындыны жариялау осы сайт арқылы жүзеге асады www.ana.til.kz
52. Олимпиадаға байланысты хабарландырулар <https://t.me/anatiliolymp> каналында жарияланып тұрады
53. Онлайн тіркеуден өтпегендер сынаққа жіберілмейді, сынаққа кіргені анықталған жағдайда, дереу аудиториядан шығарылады және сынағы тоқтатылады.
54. Сынаққа 10 минутқа кешіккен және мүлдем қатыспаған оқушылар тестті тапсыру мүмкіндігінен айырылады және тестті қайта тапсыру қарастырылмаған.
55. Іріктеу емтиханына тіркеу жасалғаннан кейін топтың мүшелерін ауыстыруға рұқсат етілмейді.
56. “Ана тілі” республикалық зияткерлік қазақ тілі олимпиадасының іріктеу кезеңінен жеке ұпайы минимум 50 пайызды (40-тан 20) жинаған және топтық (топтың 3 мүшесі) ұпайы бойынша ең үздік атанған 64 топ (192 оқушы) республикалық кезеңге шақырылады, жарысқа қатысу үшін жолдама алады. Әр орталықтан үздік 3 топ шақырылады.
57. Топтың ұпайы жетіп тұрып, бір мүшесінің ұпайы 50 пайызды жинай алмаса, топтың барлық мүшелері келесі кезеңге өткізілмейді.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ кезең

58. Олимпиаданың Республикалық кезеңі 3 кезеңнен тұрады: «Пікірсайыс» кезеңі; «Тілшілер сайысы» кезеңі; «Білімпаздар» кезеңі.

«ПІКІРСАЙЫС» кезеңі

59. Пікірсайыс – белгілі тақырып көлемінде арнайы ережелермен шектелетін, сөз жарыстыру, білім таластыру сайысы.
60. Мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті тақырыбы аясында көшбасшылыққа баулу.
61. Шарты:
 - 1) қарарға байланысты әр топ өз тарапын дәлелдейтін стратегия құрып келулері қажет;
 - 2) қарарлар бойынша ақпараттанған болуы керек;
 - 3) көсемсөз дағдысы болуы керек.
62. Олимпиаданың пікірсайыс кезеңі «Ана тілі олимпиадасы форматы» (бұдан әрі – АТОФ) **(1-қосымша)** өтеді.
63. Ойын барысында топтар сырттан көмек ала алмайды, басқа спикерлермен, топтармен, жетекшілерімен, жаттықтырушылармен және т.б. сөйлесе/кеңесе, интернетті пайдалана алмайды.

64. Топтар тек дайындап алып келген материалдарды пайдалана алады.
65. Ойындар қай аудиторияда өтетінін бас төреші хабарлайды.
66. Бір ойын 20-30 минут көлемінде өтеді.
67. Қатысушыларға алдын ала дайындық үшін қарарлар беріледі.
68. Турнир төрт кезеңде өткізіледі. Бірінші айналым – іріктеу кезеңдері. Екінші айналым – плей-офф ойындар: ширек финал, жартылай финал және финал.
69. Әр раундқа бір қарар беріледі. Іріктеу ойындарында қарсылас топтар жеребе арқылы таңдалады.
70. АТОФ форматында бір ойынға 2 фракция қатысады. Егер тізімдегі пікірсайысшылар турнирге келмесе, ойын оларсыз жалғасады.
71. Төрешілікті төрешілер алқасы жүзеге асырады, оның құрамына тәжірибелі пікірсайысшылар кіреді.
72. Ұйымдастырушылар төрешілердің бірін Турнирдің бас төрешісі етіп тағайындайды.
73. Турнирдің бас төрешісі ойындардың өткізілуі мен тақырыптарына жауапты, төрешілерді ойындарға бөледі, ойындардың барысын қадағалайды және ойындарға төрелік етуге құқылы.
74. Турнирдің бас төрешісі турнирдің ойындар сеткасына арнайы адам тағайындалып, сол арқылы (tab-мастер) құрастырады.
75. Ойын төрешісі пікірсайысқа қатысушыларды АТОФ ережелеріне сәйкес шақырады, спикерлерді позициясына сай орын алуға шақырады, ойын жүргізеді, ойын нәтижелері туралы шешім қабылдайды, шешімге түсініктеме береді.
76. Турнир барысында ойын төрешісі ұпайлар мен түсініктемелерді бағалау парағына (бюллетень) енгізеді. Төреші ойынның жалғыз және өкілетті төрешісі болып табылады, төрешінің (төрешілердің) шешімі түпкілікті болып табылады және 10 минут ішінде қабылданады.
77. Пікірсайыс ойындарын бағалау критерийлері: Сөйлеу мәнері, Қолданған стратегиясы, Ақпараттың мазмұны.
78. Жеңімпаздар топтық және жеке спикерлік есеп бойынша анықталады.
79. Әр спикер пікірсайыс дескрипторы бойынша 40 ұпайлық жүйемен бағаланады.
80. Төрешілердің шешімі жарияланғаннан кейін топтар келесі ойындарда ескерілетін кері байланыс қалдыра алады.

«ТІЛШІЛЕР САЙЫСЫ» кезеңі

81. Тілшілер сайысы – қатысушылардың сөздік қоры, тіл білімі мен ойлау дағдысын бағалауға бағытталған тапсырмалар жиынтығы.
82. Тілшілер сайысы үш бағыттан тұрады:
 - 1) Эссе жазу – қатысушыларға берілген үш кітап мазмұнынан алынған тақырыптар бойынша креативті эссе жазу сайысы;
 - 2) Мазмұндама жазу – ұсынылған аудиомәтінді тыңдап, идеясына сүйене отыра мазмұндама жазу сайысы;
 - 3) Тіл білімі – берілген материалдарға тілдік талдау жасауға бағытталған тапсырмалар жиынтығы.
83. Мақсаты – ой-өрісін дамыта отырып, сөздік қорын, тілдік және шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.
84. Аталған үш бағыт бойынша әр топта бір оқушыдан қатысады.
85. **“Эссе жазу” сайысының ережелері:**
 - 1) қатысушыларға олимпиада күні 3 тақырып беріледі, соның біреуін таңдап, жазба жұмысын орындайды;
 - 2) тақырыптар алдын ала берілген кітаптардың мазмұны аясында дайындалады;
 - 3) міндетті түрде креативті эссе болуы керек;

- 4) тақырыпқа сай болуы керек;
 - 5) жазба жұмысында тақырыптың ашылуы, креативтілігі, пікірінің дәйектілігі, логикалық жүйелілігі және сауаттылығы бағаланады;
 - 6) жазбаша жұмысқа берілетін уақыт – 90 минут;
 - 7) жазба жұмысының көлемі – 220-250 сөз;
 - 8) қатысушылардың жазба жұмыстары дескрипторға сай 40 ұпайлық жүйемен бағаланады.
- 86. “Мазмұндама жазу” сайысының ережелері:**
- 1) берілген аудио материалды тындап, мазмұндама жазуы қажет;
 - 2) аудиомәтінді 3 рет тыңдауға мүмкіндік беріледі;
 - 3) аудиомәтіннің көлемі 6 минуттан аспайды;
 - 4) мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, баяндау формасын сақтап жазуы керек (бірінші жақта жазылған мәтінді үшінші жақты қолдану арқылы баяндау);
 - 5) аудиомәтінді толықтай мазмұндап, жазба жұмысында өз ойын қоса көрсетуі керек;
 - 6) жұмыстың мазмұны, көркемдік сипаты және грамматикалық сауаттылыққа назар аударылады;
 - 7) мазмұндама жазуға берілетін уақыт – 45 минут;
 - 8) қатысушылардың жазба жұмыстары дескрипторға сай 40 ұпайлық жүйемен бағаланады.
- 87. “Тіл білімі” сайысының ережелері:**
- 1) қатысушылар берілген материалға грамматикалық (лексикалық, синтаксистік, фонетикалық, морфологиялық) талдау жасауы қажет;
 - 2) талдауға берілетін уақыт – 60 минут;
 - 3) қатысушылардың талдау жұмыстары дескрипторға сай 40 ұпайлық жүйемен бағаланады.

«БІЛІМПАЗДАР» кезеңі

88. Білімпаздар – ғылым-білім тақырыбындағы сұрақтардан құрастырылған викторина.
89. Мақсаты – ғылым-білім саласында қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтіп, оқушылардың білім деңгейін тексеру.
90. **«БІЛІМПАЗДАР» сайысының шарттары:**
 - 1) қатысушыларға онлайн викторина форматында 40 сұрақ беріледі;
 - 2) қатысушылардың жауап беру дұрыстығы мен жылдамдығы бағаланады;
 - 3) әр сұраққа жылдам әрі дұрыс жауап бергеніне байланысты 1 ұпайдан иелене алады;
 - 4) кезең нәтижесі бойынша әр қатысушы 40 ұпай иелене алады;
 - 5) әр сұраққа берілетін уақыт – 30 секунд.

VII. Олимпиаданың жұмысын қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

91. Олимпиаданың ашылуы және марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.
92. Олимпиаданың әрбір бағыты бойынша бағалау жүйесі ұйымдастыру комитеті арқылы анықталады.
93. Олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.
94. Олимпиадада үздік нәтиже көрсеткен топ гран-при иеленіп, диплом, медальдар және кубокпен марапатталады.
95. Жалпы ұпай көлемі қарай «Үздіктер» номинациясы бойынша топтар кубок, медаль және дипломмен марапатталады, «Озаттар», «Мықтылар»,

«Белсенділер» номинациясы иеленген топтар медальдар және дипломмен марапатталады.

96. Әр кезең бойынша үздік нәтиже көрсеткен топтар стандартты кубок, медальдар және дипломмен марапатталады.
97. Олимпиаданың нәтижесінде әр бағыт бойынша үздік нәтиже көрсеткен оқушылар қосымша медальдармен және дипломмен марапатталады.
98. Бір оқушы бірнеше медаль ұтып ала алады.
99. Олимпиаданы өткізуге белсенді атсалысқан қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің мүшелері Алғыс хатпен марапатталады.

Сұрақтар бойынша: Қ.Тілеуқабылов.Тел:87479793796.

№	емтихан орталығы	толық мекенжайы
1	Ақтөбе қ., “Кемел-білім” мектебі	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Маресьева 81, https://2gis.kz/aktobe/geo/70000001045857564/57.150038,50.301402
2	Атырау қыздар БИЛ	Атырау облысы, Атырау қаласы, Адмирала Владимирского 28, https://2gis.kz/atyrau/geo/70000001034937643/51.886213,47.097190
3	Орал ұлдар БИЛ	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Жасдаурен 3, 45., https://go.2gis.com/UJilX
4	Ақтау қ, AIS мектебі	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 18а микрорайон, 9, https://2gis.kz/aktau/geo/70000001090144982/51.140046,43.678095
5	Алматы қыздар лицейі	Алматы қаласы, 11 м-н, Ауэзовский район, Щепеткова улица, 11., https://2gis.kz/almaty/geo/9429940000792227/76.876193,43.219828
6	Тараз қыздар БИЛ	Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Сыпатай Батыра көшесі 31, https://go.2gis.com/XkldC
7	Қызылорда қыздар БИЛ	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Улица Султана Бейбарса, 10, https://2gis.kz/kyzylorda/geo/70000001083973188
8	Түркістан қ., “Зерек” мектебі	Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Көкжиек 131 , https://2gis.kz/turkestan/geo/70000001063863833/68.268916,43.261985
9	Шымкент қыздар БИЛ	Шымкент қаласы, Елшібек батыр көшесі 112/11, https://go.2gis.com/phos0
10	Бурабай ІТ БИЛ	Ақмола облысы, Щучинск қаласы, Горный, 28, https://go.2gis.com/9Tndw
11	Астана ұлдар БИЛ	Астана қаласы, Тұрар Рысқұлов 14, https://go.2gis.com/M5NI5
12	Қарағанды қыздар БИЛ	Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Аманжолов көшесі, 96а, https://2gis.kz/karaganda/geo/70000001022057150/73.068744,49.797942
13	Қостанай ұлдар БИЛ	Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Қобыланды батыр 31, https://go.2gis.com/eolN4
14	Петропавл БИЛ	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Уалиханов 18, https://go.2gis.com/2FAtj
15	Павлодар қыздар БИЛ	Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Улица Камзина, 69а., https://2gis.kz/pavlodar/geo/70000001018646687/76.984897,52.272139

16	Жезқазған ұлдар БИЛ	Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Абая 77, https://2gis.kz/zhezkazgan/geo/70000001069055381/67.696340,47.793641
17	Семей ұлдар БИЛ	Абай облысы, Семей қаласы, Уәлиханов, 206, https://2gis.kz/semey/geo/70000001052907735/80.233772,50.426678
18	Алматы “Нұрорда”	Алматы қаласы, Чуланова 133, https://2gis.kz/almaty/geo/70000001074382206/76.825721,43.251998
19	Талдықорған ұлдар БИЛ	Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Микрорайон Коктем, 3., https://2gis.kz/almaty/geo/70000001069080620/78.332750,44.986652
20	Өскемен ұлдар БИЛ	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Лихарева, 5, https://2gis.kz/ustkam/geo/12807639721315237/82.604558,49.946535